

Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері бойынша

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 99-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 шілдеде № 5214-06 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы, 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес, Индер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Индер ауданында пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

4. Индер аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 395-VI "Индер ауданында бейбіт жиналыстарды өткізу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4738 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Индер аудандық мәслихат төрағасы

А. Рамазанов

Индер аудандық мәслихатының
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 99-VIII шешіміне 1-қосымша

Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар

Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар:

1. Индербор кенті, Қ.Тұхфатов көшесі, "Жеңіс" саябағы.

2. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты:

Индербор кенті, Қонаев көшесіндегі № 24 үйден бастап Қонаев көшесіндегі № 12 үйде орналасқан "Индер ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына дейін.

Индер аудандық мәслихатының

Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Арнайы орындар санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтай отырып пайдаланылады. Арнайы орындарда жоспарланған басқа да ресми, мәдени, ойын-сауық мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ақпарат болмаған жағдайда, бейбіт жиналыстарды өткізуге жол беріледі.

3. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

4. Индер ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормалары:

1) Индербор кенті, Тұхфатов көшесі, "Жеңіс саябағы", шекті толу нормасы 150 адам ;

2) Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру маршруты: Индербор кенті, Қонаев көшесіндегі № 24 үйден бастап Қонаев көшесіндегі №12 үйде орналасқан "Индер ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына дейін, шекті толу нормасы 150 адам.

5. Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылысжайлар орнатуға жол берілмейді.

6. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

7. Әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында, пикеттеуден басқа, бейбіт жиналысқа қатысатын адамдардың арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде екі метрді құрайды.

8. Бір қатысушы өткізетін пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

9. Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні Индер ауданның жергілікті уақыты бойынша сағат 09:00-ден ерте бастауға және сағат 20:00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Индер аудандық мәслихатының
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 99-VIII шешіміне 3-қосымша

Индер ауданында пикеттеуді өткізуге жол берілмеген объектілердің іргелес аумақтарының шекаралары

Индер ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасында 800 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейтін:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыр жолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.